# КОУЧИНГ ӘДІСІ COACHING METHOD

*Орындаған : Райымқұлова М.З.*

Әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері болары хақ. Ол ерекшеліктер өмірдің әрбір саласын қамтуы мүмкін. Менің бүгінгі тілге тиек еткім келетіні — жаңа мамандық — **коучинг.**

Қуана да, мақтана да айта аламын, **коучинг** елімізде күннен күнге дамып келеді. Иә, әлі де **коучинг** десең, «ол не?» деп сұрақ қоятындар бар. Ол орынды да, өйткені, кез — келген жаңалықтың өмірімізден өз орнын алуына уақыт қажет.

**Жалпы мақсаты :**

Әріптестерімізді педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мақсатында инновациялық идеялармен таныстыру, шығармашылық қабілетін ұштау, жаңа формациядағы бағалау түрлерін тәжірибеге енгізуге ықпалдасу.



Коучинг – бұл адамның кәсіби білімін, игерген дағдылары мен тәжірибесін жетілдіру. Коучинг оқытпайды,ол оқуға көмектеседі.

Коучингтің негізін қалаушы ағылшын бизнесмені ***Джон Уитмор***.




SIR JOHN WHITMORE
1937 - 2017

Коучинг ұғымы батыстық елдерде жиі қолданылып модаға айналып үлгерсе де, біздің елімізге енді ғана ене бастады. Сондықтан да, осы бір жаңалыққа халықтың бойы үйреніп, таныса түсуі үшін уақыт қажет.

Коучингтің сөздік мағынасына сүйенер болсақ, **коучинг** (*ағылш. coaching – оқыту, жаттықтыру, гр.- арба, жетелеу*) – консалтинг және трениг әдісі; классикалық консалинг пен тренингтің айырмашылығы – коуч кеңес және қатаң ұсыныстар бермейді, ол шешімді клиентпен бірлесе отырып іздестіреді. Коучингте адамның жеке, отбасылық немесе бизнестегі өмірінде мақсатқа, нәтижеге қол жеткізу көзделеді.

***Коучинг*** – оқудың нәтижелілік дәрежесін арттыру арқылы оны жетілдіруге мүмкіндік беретін үдеріс. Табысқа жету үшін тренерлер үдерісті білуге және түсінуге, сондай-ақ коучинг жүзеге асырылатын мәнмәтінге сәйкес келетін стильді, дағдылар мен әдістемелерді меңгеруі керек.

Бұл - әрістестердің (коуч пен әріптесі) құпия, белсенді және жасампаз өзара әрекеттестік үдерісі.

Әлемдік тәжірибелерді білім саласында іс жүзінде қолдануды Қазақстан Республикасы білім беру мекемелері соңғы жылдары қолға алып отыр. Оның ішіне мұғалімдер біліктілігін деңгейлеп көтерудің тиімді жолы коучинг әдісі яғни тәлімгерлік әдісі де кіріктілген.

Деңгейлі курстарды бітіріп келген коуч-тәлімгер мұғалімдер оқуда алған білімдерін оқу сапасын көтеруге , қазіргі заманғы жетістіктермен , оқуды ұйымдастыру ерекшеліктерімен, білім беру үдерісіне диалог жүргізу білігі мен , сыни тұрғыда ойлауды дамыту принціптерімен, Lesson Study сияқты тәжірибе зерттеу сабақтарымен, мектеп ішінде, аудан аймақ көлемінде коучингтер өткізіп, тәжірибесін көпшілік әріптестерімен бөлісіп жатқан жағдайлары бар. Баспасөз жарияланымдарында мақалалар жазып, мәлімдемелер, ақпараттар жолдап, өз білімдерімен ортақтасуды әдетке айналдырған.





*«Қазіргі заман талабына сай, жан- жақты жетілген бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі таңда отбасының, балабақшаның барша елдің халықтың міндеті»*

*(Н.Ә.Назарбаев)*

www.ZHARAR.com

Коучинг – мұғалімдердің ресурстарын ашып, оларды саналы оқуға және өмір сүруге үйрету мақсатында еңбек етеді.

Коучинг сабақтарының басты мақсаты әріптестерімізді оқыту болса, олар арқылы оқушыларды оқыту, оқытудың тиімділігін арттыру, оқушылардың белсенділігін жетілдіру болып табылады.

Бұл қызмет бүкіл мектептің мұғалімдерін кәсіби дамытуға, соның негізінде оқушылардың үлгерімін жақсартуға үлкен ықпал етуде.



**Бағалаудың мақсаты:**

- Оқытудың қиындықтарын анықтау;
- Жетістіктер туралы кері байланыс (оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар үшін );
- Болжау және сұрыптау;
- Стандартты бақылау және орындау;
- Оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін бақылау.




Download from
Dreamstime.com
This watermarked comp image is for previewing purposes only.
ID 35020975
© Aydindurdu | Dreamstime.com

**Coaching** is a form of development in which a person called a *coach* supports a learner or client in achieving a specific personal or professional goal by providing training and guidance. The learner is sometimes called a *coachee*. Occasionally, *coaching* may mean an informal relationship between two people, of whom one has more experience and expertise than the other and offers advice and guidance as the latter learns; but coaching differs from mentoring in focusing on specific tasks or objectives, as opposed to more general goals or overall development.

**Рефлексия** (лат. *reflexio* - кейінге қаралу, назар аудару) - бұл дегеніміз субъектің өзіне және өзінің санасына назар аударуды, атап айтқанда, өзінің жеке белсенді өнімдеріне, және соның барлығына кішкене де болса қайта карастыруды білдіреді. Атап айтқанда, - *дәстүрлі мағынада*, - өз сана мазмұны мен ерекшеліктеріне, соның ішіне тұлғалық құрылымдар кіреді (құндылықтар, мүдде, себепшілік), ойлау қабылеті, қабылдау/сіңдіру механизмдері, шешім қабылдау, эмоциялық жауап, мінез-құлық шаблондары және т.б..

Пьер Тейяр де Шарденнің айтуынша, рефлексия - ол дегеніміз адамдарды хайуандардан айыратын нәрсе, соның арқасында адам тек қана белгісіз бір нәрсені біліп коймай, сонымен қатар сол "білімін білуді" түсіндіреді.



# «Бас бармақ» тәсілі

Барлығын түсіндім ---



Енді түсініп келемін ---



Түсінбедім ---



Қорыта айтатын болсақ, америка ғалымы У.Уорд “жәй мұғалім - хабарлайды, жақсы мұғалім – көрсетеді, ұлы мұғалім - шабыттандырады“ дегендей балалардың оқуға деген ынтасын көтеріп, шабыттандыруға шақырамын.

# Назарларыңызға рахмет!



